

Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 8 тамыздағы № 19/150 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 тамызда № 6631-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 20 мамырдағы № 28/216 шешімімен

Ескеrtу. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 20.05.2025 № 28/216 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Приозерск қалалық мәслихатының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 6538-09 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

1-тaraудың 2-тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;";

1-taraудың 5-тармағының 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) 7 мамыр – уәкілетті органның тізімі негізінде 7-тармақтың 2) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтарында көрсетілген санаттар үшін КР-да Отан қорғаушылар күні;";

2-тараудың 7-тармағының 22) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"22) азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне табиғи зілзала немесе өрт салдарынан залал келтіруі табиғи зілзала немесе өрт басталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан жылына 1 рет беріледі, әлеуметтік көмектің мөлшері 100 (жұз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;";

2-тараудың 7-тармағы мынадай мазмұндағы 27-1) және 27-2) тармақшамен толықтырылсын:

"27-1) азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,5 (бір жарым) есelenген мөлшерінен аспайтын, жергілікті (пешпен) жылытылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын, оның жеке меншік иесі (жалдаушылары) немесе меншік иесінің (жалдаушының) отбасы мүшелері болып табылатын, оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үй болмаған жағдайда бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар үшін, қатты отынды (көмір) сатып алуға бір реттік әлеуметтік көмек жылыту маусымына 16 (он алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, жылына 1 рет көрсетіледі;";

"27-2) Ауғанстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлерді жерлеуге қайтыс болғаннан кейін үш ай ішінде адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан бір рет 150 (жұз елу) мың теңге мөлшерінде беріледі;";

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

А. Исатаев